

**Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрлігі
Бәрімбек Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы**

Әкімшілік құқық және ІО-ның әкімшілік қызметі кафедрасы

ДӘРІС

**тақырыбы: «Қазақстан Республикасы құқық қорғау қызметтерінің
кадрлық саясатында меритократиялық пен ашықтықты қамтамасыз
ету.»**

ӘҚ ж. ІО-ның ӘҚ кафедрасында
тақыланып, мақұлданған.
20 ж. №_____ хаттама

ҚАРАҒАНДЫ

ЖОСПАР:

Кіріспе.

1. Қазақстан Республикасының ПО кадрларды даярлаудың дамуы мен заманауи іріктеу жағдайы.

2. Заманауи кезеңде Қазақстан Республикасының ПО кадрларды даярлау мен іріктеудің ерекшеліктері.

Қорытынды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі.

Кіріспе

Қазақстандағы экономикалық, саяси және құқық салаларындағы революциялық қайта құрулар билік үшін қатаң күрес оларға міндетті түрде соқтығысып жүріп жатыр, атап айтқанда, мемлекеттік аппаратты, мемлекеттік басқару жүйесін билеу. Мемлекеттік басқару аппараты бір уақытта реформаланбай, кез келген қайта құрулар табыссыз өтеді. Біздің мемлекет үшін бұл шындық өте маңызды, бірінші қатардағы мәселе. Әрдайым болып тұратындай, қоғамдық және мемлекеттік дамудың күрт өзгеру кезеңдерінде мемлекеттік басқаруға қатысушы тұлғалардың саяси, әлеуметтік, кәсіби және басқа да сапасы туралы тамырлы сұрақ туындады. Осыдан келіп кадрлық мәселенің үлкен маңызы шығады. Соңғы жылдары ішкі істер органдарындағы кадрлық жағдайды күрделі және қарамай-қайшы мәселелер анықтап жүр. Тұлғаның материалдық жағдайының деңгейі, әлеуметтік-құқықтық қауіпсіздігінің деңгейінің және қылмыстың өсуімен өлшенетін жеке құрамға түсетін өсіп кеткен жүктеме арасындағы алшақтық кәсіби кадрлық ядроның жырмалануы, қызметтік абыройдың төмендеуі, білікті кадрлардың келіп-кетуімен көрінді. Аталған статистикалық есеп берулер кадрлардың келуін жоғарылауын көрсетеді: 2010 ж. үш жылдан төмен ішкі істер органдарында қызметін атқарып жүрген қызметкерлер үлесі. Барлығы 2002 ж. Бастап түрлі себептер бойынша 35 мыңнан астам адам жұмыстан босатылды. Атап өтетіні, тәжірибелі, білікті қызметкерлер кетіп жатыр.

Осыған байланысты қоғам және мемлекет Қазақстанның ІІМ алдында қойылған тапсырмаларды тиімді шешуге мүмкіндігі бар ішкі істер органдарының жоғары білікті жеке құрамын құру мәселесі тұр. Кадрлық жұмыстың шарттары шиеленіскен әлеуметтік-саяси, экономикалық және криминогендік жағдайлармен ұсынылады. Ауыр қылмыс санының өсуі, қылмыстың сандық және сапалық өзгерулері құқық қорғау қызметін кадрлық қамтамасыз ету бойынша нақты тапсырмаларды шешуге негіз болды.

Ішкі істер органдарындағы кадрлармен жұмыс – ішкі істер органдарының (ІО) қызметкерлерінің қатысында мемлекеттік кадрлық және әлеуметтік саясатты жүзеге асыру жүйесі. ІО кадрлық функциясы бірінші қатардағы маңызда және жүйенің дамуындағы жаңа тарихи сатысында көрініс табатын ерекше жағдайлармен ерекшеленеді.

Осы шарттарда ІО мемлекеттік қызметкерлерінің жаңа корпусын қалыптастыру, және негізінде басқару кадрларының мәселесі үлкен маңызға ие.

1. Қазақстан Республикасының ІО кадрларды даярлаудың дамуы мен заманауи іріктеу жағдайы.

Кадрлық құрамның тиімділігін жоғарылату, мамандарды пайдалануын жақсарту және бірінші орында кадрлық саясатты жетілдіру кадрлармен жұмыстың маңызды бағыты ретінде қарастыру керек.

Басқару теориясы бойынша мамандар, әлеуметтанушылар, психологтар функцияны тасымалдаушы емес, басқару функциясын орындайтын тұлға ретінде бір жақты емес, жалпы қарастыру керек дегенге сүйенеді. Бүгінгі таңда адамның әлеуметтік ортадағы ролі қоғамдық үдерістің субъектісі мен объектісі ретінде танылады, әлеуметтік басқарудың ешқандай жағы тек технократиялық, экономикалық ойлау базасында қажетті жетілуді ала алмайды деген ойлар кең ауқым алуда. Осыдан келіп, персоналмен, кадрлармен жұмыстың ролі мен маңызы өседі. Персонал қоғамдық қатынастардың күрделі механизмдерінің қызмет етуіне қатысады, және әлеуметтік басқарудың кезкелген жүйесінің қажетті және міндетті элементі болып табылады. Бұл толық жағдайда ішкі істер органдарының жұмысына қатысты. Қызметтер мен бөлімшелердің функциялануының табысы маңызды жағынан кадрлармен жұмысты ұйымдастыруға қатысты. Бұл жұмысты бағынышты орган немесе бөлімшенің жұмысы үшін жауапты, яғни жетекшінің өзі тікелей және жеке ұйымдастырады. Басқарушы кадрлар басқару, саласындағы білімдерімен, жетілген дағдыларымен және адамдармен жұмыс істеу дағдыларымен, кадрлармен жұмыс істеу жұмысын ұйымдастыра білумен меңгеруі керек. Кадрлармен жұмыс ішкі істер органдарының бөлімшелері мен органның қызметін жақсарту және мүмкіндіктерін жан жақты дамыту және жеке құрамның сұраныстарын қанағаттандыру мен мүмкіндіктерін жан жақты дамыту жағдайларын жасау мақсаттарын алады.

Қазақстанның ІМ кадрлық саясаты ішкі істер органдарын қажетті әскерлік және моральдік сапасы бар ішкі істер органдарының кадрларымен қамтамасыз ету бойынша жұмыстардың бағыттарын, мақсаттар, міндеттер, қағидалар, формалар, әдістердің жүйесін құрады. Қазақстанның ІМ кадрлық саясатының бағытталуы, мазмұны мен сипаты келесі факторлармен негізделген:

- әлеуметтік қауырттылық пен қажетті қоғамдық келісімнің болмауымен сақталатын жаңа құқықтық демократиялық мемлекеттің даму қиындылықтарымен;
- ішкі әлеуметтік-саяси конфликттердің болуы және ашық қарулы қақтығысты қоса алғанда, құқыққа қарсы әрекеттердің түрлі формаларына оларды эскалациялаудың қауіптілігі;
- қатаң ресурстық, оның ішінде ішкі істер органдарында өткізілетін қаржылық шектеулермен бірге;
- күрделі криминогендік жағдаймен, қылмыстық сапалық сипаттамаларының өзгеруімен;

- техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың туындау қаупін күшейтумен;

- ішкі істер органдарының және әскери қызметтің қызметтерінің престижінің, ішкі істер органдарының қызметкерлерінің, қызметтен босатылған тұлғалардың, олардың отбасы мүшелерінің, сонымен қатар ішкі істер органдарының және Қазақстанның азаматтық персоналының материалдық қамтамасыз етілуі мен әлеуметтік қорғалуының деңгейінің төмендеуімен;

- жеке құрамның кәсіби дайындығының деңгейінің төмендеуімен, ішкі істер органдарының кадрлық орталығының лайлануымен;

- ішкі істер органдарына қызметке кандидаттарды алудың сапалық сипаттарының төмендеуімен;

- ішкі істер органдарының жаңа құқықтық нормативтік базасының қалыптасу үрдісінің созылуымен.

Кадрлық жұмыс – Қазақстанның ІІМ аса жауапты және жан жақты жұмысының бірі, өз алдына ол басқарушылық, экономикалық, әлеуметтік, құқықтық, адамгершілік, психологиялық және басқа да тапсырмаларды кешенді шешуді талап етеді. Ол Қазақстанның ІІМ жүйесінің барлық деңгейлерінің басшыларының басымды міндеттері болып табылады.

Кадрлармен жұмыс, олардың кәсіби дайындығын жетілдіру, заңдылықты, тәртіпті және жарғылық тәртіпті нығайту – Қазақстанның басқару жүйесінің тиімділігін жоғарылатудың, оның бірлігін, шапшаң-қызметтік және қызметтік-ұрыстық қызметінің нәтижелілігін қамтамасыз ету шешуші факторлары.

Кадрлық жұмыстың жүйесі қызметкердің тарапынан бір жағынан, екінші жағынан – министрліктің құқықтары мен қызығушылықтарын тепе теңдікте ұстау қажеттілігін есепке ала отырып құрылады, ол министрлік қызығушылықтарымен шектелген бірлікте маманның, азаматтың және тұлғаның конституциялық құқықтары мен бостандықтарын тиімді жүзеге асыруды қамтамасыз етеді, ондағы қызмет мемлекеттік қызметтің барлық тәртіптері, міндеттері мен шектеуліктерінен шығатын ерекше түрі болып табылады.

Кадрлық саясаттың мақсаты ішкі істер органдарының жоғары мамандандырылған, тұрақты, тиімді балансталған кадрлық корпусын қалыптастыру, ол жаңа және болжамдағы әлеуметтік-саяси, экономикалық, криминагендік және басқа да жағдайларына айтарлықтай сәйкес келуі, Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің, қоғамның және мемлекеттің алдында тұрған тапсырмаларды тиімді орындай білуі керек.

Қазақстан Республикасының ІІМ кадрлық саясатының негізгі қағидалары:

- ғылыми негізделуі мен шындыққай сай келуі, осы немесе басқа да біліктіліктіліктің кадрларында ішкі істер органдарының қажеттіліктері сияқты өлшенген салмақ, сонымен қатар оны қанағаттандырудың сәйкес мүмкіндіктері;

- кадрлық мәселелерді шешудің жүйелігі мен кешенділігі;

- перспективалығы, кадрлық жағдайды болжауға негізделген аттап өтетін және жеңілдететін сипаты;
- қызметтік және моралдік сапаларына қарай, ішкі істер органдарының персоналын (қызметкерлерін) таңдау;
- кадрларға қағидалы талаптарымен қоса, сенім мен сыйластықтың келісуі;
- кадрлардың өзара байланысы мен жанбайланысы мен жаңаруы;
- кадрлық мәселелерді шешуде ұжымның да көзқарасын есепке алуды негізге алатын бір бастаулық пен ұжымдылық қағидасының бірігуі;
- барлық азаматтардың ішкі істер органдарына тең қол жеткізудің болуы, нормативтік актлерде бар денсаулық жағдайының талаптары, білім деңгейі, кәсіби даярлығының, сотталуы мен жақын туыстарының қылмыстық ортада жауапкершілікке тартылмаған жағдайының талаптарын сақтау;
- кадрлық мәселелерді шешуде заңдылық пен әлеуметтік әділдікті қамтамасыз ететін персоналды құқықтық және әлеуметтік қорғау.

Кадрлық аппараттарға ішкі істер органдарының жүйесінде мемлекеттік кадрлық саясатының құқықтық тәртіпті нығайту және қылмыстық қол сұғушылықтар мен әкімшілік құқық бұзушылықтардан азаматтардың заңды қызығушылықтарын талаптарын іске асыру мақсатында міндеттер жүктеледі^[10].

Мұнда маңызды роль Қазақстанның ІІМ кадрлық жұмыстар департаментіне, облыстар, Астана, Алматы қалаларының ІІД КБ, КІД, ІО кадрлар бөлімшелері мен топтарының және олардың бөлімшелеріне, сонымен қатар Қазақстанның кәсіпорындары, мекемелері мен оқу орындарына тиесілі

Осы мақсаттарда кадрлық аппараттармен кадрлардың сапалық құрылымын жақсарту, кандидаттарды қызметке таңдау формалары мен әдістерін жетілдіру, жас мамандардың қызметте кәсіби қалыптасуы мен бекінуіне, адамгершіліктері жоғары, өз жұмыстарын толық білетін бастамашыл қызметкерлермен кадрларды жинақтауды қамтамасыз ету бойынша жұмыстар жүргізіледі.

Бұл жерде Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы мемлекеттік қызмет контракт негізінде жүзеге асырылатынын ұмытпау керек. Контракт мемлекет пен қызметкер арасындағы құқықтық байланысты болдырады, нақтылайды. Контрактінің басты тағайындамасы – нақты мемлекеттік-қызметтік құқықтық қатынастарды жекешелендіру болып табылады.

Заң ғылымында милитаризденген қызметкерлермен контракт, оның ішінде ішкі істер органдарының қызметкерлерімен нормативтік емес сипаттағы әкімшілік келісім шарттарының түрлілігін көрсетеді деген ереже шығарылған және теоретикалық жағынан негізделген ^[11]. Осындай нұсқасымен толығымен келісуге болады. ІІБ қызметтің негізгі сипаты (азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын, құқықтық тәртіпті өз өміріне қауіп төндіретін болса да қорғау, қару қолдану құқығы) бірінші жағынан, қызметкерлердің басқа санаттарына қарағанда контрактілерде қосымша

талаптар мен құқықтық шектеулерді, лауазымдық міндеттерді, тәртіптік және материалдық жауапкершілікке тартудың ерекшеліктерін (санкцияны қатаңдату жағына қарай) бекіту мүмкіндігіне әкеледі, екінші жағынан мемлекеттік милитаризденген мемлекеттік қызметкерлерді жалпы және ПО қызметкерлерін жекелей аса жоғары экономикалық, әлеуметтік және кадрлық кепілдемелерді бекітуге міндеттейді. Жалпы алғанда, контракт формасы жеке құрамның сапалы жағдайына жағымды әсерін тигізді. Алайда осы форманы қолдану проблемаларды да туындатты.

Ескеретіні, контрактіде контрактіге отырған субъектлер арасында болуы мүмкін конфликттер мен консенсустар (оларды шешу жолдары) туралы сөз болатын ережелерді қарастыру керек. Сәйкес ережелер ҚР «ПО» туралы жаңа заңының жобасында көрініс табуы керек. Сондықтан, конфликтіні болдыратын, сонымен қатар жоятын факторлар мен жағдайлар, олардың типологиясы мен динамикасы, конфликттерді шешу формалары, осы құбылыс үшін құқықтық мағыналық аппаратты қалыптастыру және басқа да мәселелер мемлекеттік-қызметтік қатынастармен айналысатын ғалымдар мен практиктердің көңіл аударуын талап етеді. Ішкі істер органдарындағы тәртіптік практиканы сараптау бірнеше қорытындылар жасауға мүмкіндік береді. Біріншіден, контракт бойынша субъектілердің арасындағы конфликттер өзінің негізінде заңды негізге ие. Бұл тараптардың біреуімен немесе тараптардың екеуімен де еңбек, әкімшілік, азаматтық және құқықтың басқа да салаларының түрлі нормаларының бұзылуымен байланысты. Екіншіден, конфликттерді шешу үшін сәйкес процедура пайдаланылады. Үшіншіден, жағдайларына қарай конфликт құқықтық алаңнан шықпай, консенсустың көмегімен де шешіле алады. Төртіншіден, шешілген конфликтінің нәтижелері ішкі істер органдарындағы мемлекеттік қызметінің нормативтік құқықтық базасын жетілдіру үшін пайдалану мақсатқа лайық. Мемлекеттік қызмет туралы заңнамада басымдылықтар туралы нормалар қабылдау керек, нормалар-қағидалар, конфликттер болған жағдайда заңды негізде контрактінің барлық тараптарының қызығушылықтарын есепке ала отырып, олардың жағымды жағын шешуге көмектеседі.

Сипатына қарай конфликттерді шешудің айқын жүйесі қажет. Бұл жүйені үшін компоненттің түрінде түсінуге болады:

а) алғашында конфликт дауласқан тараптармен олармен таңдалған келісу процедураларының негізінде жеке шешілуі мүмкін;

б) жағымды нәтижеге жетпеген жағдайда таласқан объектілер өзара келісім арқылы комиссия құра алады, оның шешімі екі жақ тарап үшін де міндетті сипатта болады;

в) егер дауласқан субъектілерде туындаған дауды шешудің өзара келісімі болмаған жағдайда, тараптар шешудің әкімшілік немесе соттық тәртібіне шағымданады. Бесіншіден, Қазақстанның ІІМ жүйесінде мемлекеттік қызмет саласындағы дауларды қарастыратын орган құру қажет.

Ішкі істер органдарындағы қызмет туралы контракт жасасқан субъектілердің арасындағы қатынастарды нақтылайды. Көрсетілген зерттеулердің қатарына қарамай, бүгінгі күнге дейін осындай қатынастардың

құқықтық сипаты туралы проблема шешілмеген күйінде қалды. Ғылыми зерттеулерді, заңнаманың даму практикаларын, оның ішінде халықаралық сараптау бұл проблема түрлі зерттеушілердің көңілін аудартқан және аударта береді дегенді айтуға көмек көрсетеді^[12].

Контрактіден шыққан құқықтық қатынастар шынымен де күрделі. Сонымен бірге оларды сипаттайтын екі жағы да көрінеді. Бір жағы, ол мемлекеттік –қызметтік қатынастар дегенді нақтылайды, екіншісі – бұл қатынастар құқықтың түрлі салаларымен реттеледі, әкімшілік құқық деген салаға жетекші роль беріледі.

Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы қызмет туралы контракт қызметкердің жеке құқықтық деңгейін нақтылайтынын растау керек. Ол шартталған ақпараттың материалдың қызметкер мен ішкі істер органының арасындағы тасымалдаушысы ретінде шығады. Ақпараттың көлемі қызметкер ғана емес, сонымен қатар органның да құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыру үшін қажет негіз болып табылады.

Контрактіні жасау және оның әрекетінің тәртібі туралы ереже автормен ҚР «ІО туралы» заңының жобасына енгізу үшін ұсынылады.

Ішкі істер органдарын білікті және жете білуші персоналдармен жинақтау, кадрлық қарымды тиімді пайдалануды жоғарылату келесілер арқылы қол жеткізіледі:

- аса күрделі жағдайларда қызмет ететін, кадрлық мәселелерді шешуде күрделі қиындықтарға тап болатын ішкі істер органдарына шынайы көмекті қамтамасыз ету. Ішкі істер органдарынан білікті кадрлардың келіп-кетуін қысқарту бойынша шараларды қолдану, қызметкерлерді орналастыру бойынша бірыңғай жол табу;

- ішкі істер органдарының және бөлімшелерінің штаттық санының ғылыми негізделген әдітемесін дайындау;

- жаңа, өзінің тиімділігін дәлелдейтін жинақтаудың формасын енгізу. Кәсіби кадрлық ортаның ағымын төмендетуге мүмкіндік ететін қызметке қабылдаудың нақты жүйесін дамыту;

- түскен тұлғалардың объективті және кешендік бағалаудың негізінде қызметке кандидаттарды конкурстық жинақтау жүйесін өңдеу, осы жұмыста нақты жұмыс санаттарына міндетті түрде даярланған аймақтық еңбек ресурстарын және жұмыс бастылықтың жергілікті қызметтерінің мүмкіндіктерін, кандидаттарға біліктілік талаптарын, түсушілердің кәсіби және жеке сипаттарын меңгерудің ғылыми әдістерін пайдалану.

Қызметке талапкерлер үшін кепілдік беретін институтты дамыту:

- ІД оқу орталықтарында арнаулы алғашқы оқудан өтуді қатардағы және кіші басқарушы құрам қызметіне қызметке түсетіндердің барлығын қамтамасыз ету. Орта және аға басқарушы құрамның қызметтерін жинақтау жүйесіне кезекті өту, негізінде Қазақстанның ІМ білім беру мекемелерінің есебінен;

- қызметке талапкерлерге біліктілік талаптарын даярлау және енгізу, оларды анықтаудың механизмын құру және нормативтік бекіту. Басқарушы құрамның қызметтерін ауыстыру үшін ғылыми негізделген біліктілік

талаптарын даярлау, сонымен қатар басшылардың. Конкурстық емтихандардың енгізуден тұратын осы кадрларды өткізудің конкурстық жүйесін енгізу;

- балалар мен қыздардың өз өмірін құқық қорғау қызметімен саналы түрде дайындығын қамтамасыз етуге, мүмкіндік беретін полиция колледждерінің, лицейлерінің, жалпы білім беру мектептерінің арнаулы класстарының (топтарын) қызметін оңтайландыру негізінде жастардың ерте кәсіби бағыттамасын дамыту, жас өспірімдік қылмысты профилактикалау және жас ұрпақта ішкі істер органы қызметкерінің, Қазақстанның ІІМ ішкі әскерінің әскери қызметкерінің жағымды образын қалыптастыру тапсырмаларын шешуде анықталған табыстарға жету;

- жеке құрамды аттестациялау механизмын жетілдіру. Биліктің, халық пен қоғамның жергілікті органдарының өкілдерінің ойын есепке алу, ішкі істер органдарының шапшаң-қызметтік әрекеттерін бағалау үшін, нақты қызметкерлердің жеке және іскерлік сапалары үшін, олардың құқық қорғау және басқа да тапсырмаларды шешуіне өз үлесін қосуы үшін. «Сенім телефоны», «шұғыл желілерді» пайдалану практикасын кеңейту. Қоғамдық көзқарастарды мониторингтеу жүйесін дамыту;

- басқарушы кадрлармен және шығару резервімен қызметтегі ұйымдастыру-нормативтік жүйені өңдеу, ол ұсынады:

Аймақтық деңгейлерде басқарушы деңгей кадрлары мен оларды алмастыру және орналастыру жоспарларын жүзеге асыруда жүйелілік пен сабақтастықты қамтамасыз ету;

Қазақстанның ІІМ номенклатурасына енетін қызметтік басшылар тізімін қайта қарастыру;

Билік органдарымен келісе отырып, барлық деңгейлердегі басшылардың жаңа құрамын қалыптастыру, оны үнемі келешекті жұмыскерлермен жаңартып отыру;

ҚР ІІМ Академиясында, Қазақстанның басқа да ғылыми және жоғарғы білім беретін мекемелерінде магистратурада сәйкес дайындықтан өткен тұлғалармен басқарушы құрамның қызметтерін ауыстыру;

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің жеке алынған аймақта криминогендік жағдайдың қиындауы немесе нақты бөлімшелерді шұғыл нығайту үшін кадрлық резервін қалыптастыру:

- ішкі істер қала, аудан, желілік органдарының бастықтарының қызметіне ұсынылған тұлғалар үшін қызметтегі оқу-әдістемелік семинарларды Қазақстанның ІІМ білім беру мекемелерінің қатысуымен ІІМ, ІІД, КІІД жұмысын ұйымдастыру;

- ҚР «ІО туралы» заңының дайындалған жобасында бар ережелерді жүйеге асыру негізінде кадрлармен жұмыстың жаңа нормативтік-құқықтық базасын қалыптастыру (оны қабылдағаннан кейін);

- мемлекеттік-қызметтік қатынастарға қатысты конкурстық негізде дайындалған нормативтік актілер мен басқа да құжаттардың жобасын қарастыру бойынша сараптаушы кеңестер, жұмыс топтарының мамандарынан құру;

- аттестациялау тәртібі туралы; кадрлық резерв туралы; сыйақылау туралы; қызметтерге ауыстыру конкурсы туралы; мемлекеттік қызмет мәселелері бойынша дауларды қарастыру тәртібі туралы; Қазақстанның ІІМ оқу орындарының жүйесінің бітірушілерін тарату туралы және т.б.

Кадрлық аппараттарға дайындықты ұйымдастыру мен кадрлардың біліктілігін жоғарылату тапсырмасы жүктеледі. Кадрларды даярлаудың барлық жүйесі заңнама талаптарына қатаң сәйкес келумен өзінің қызметтерін жеке құрам біліктілікпен, кәсіптікпен және тура орындай алу керек.

2. Заманауи кезеңде Қазақстан Республикасының ІІО кадрларды даярлау мен іріктеудің ерекшеліктері.

Ішкі істер органдарының қызметі адамдар қатынасының күрделі қабаптасуымен байланысты. Полиция қызметкерлеріне қиын әлеуметтік қатынастар құрамымен бетпе-бет келуіне тура келеді, оларға тән: бей әлеуметтік ұстанымдардың болуы, ие бола алмаушылық, мінез-құлық әрекетінің агрессияшылдығы мен тұйық мінез. Осыған байланысты талаптар полиция қызметкерлерінің кәсіби қызметіндегі ерекшеліктер жазылып қойған, денсаулық пен физиологиялық сипатқа, психологиялық сапасына барынша қатал болып келеді.

Қиын-қыстау тұрақсыз жағдайлардың туындауына үнемі дайын болу, ішкі істер органдарының қызметкерлеріне қойылатын психоэмоциялық жағдайдың белсенділігінің кенеттен пассивті қатыстылыққа өту, маңызды талаптардың толық еместігі – ұзақ жүйке психологиялық артықтығының толеранттылығы.

Қазіргі уақытта саяси, экономикалық және әлеуметтік жағдайлардың жиі өзгеруі кезінде кадрларды даярлау мен іріктеу мәселесі өткір қойылып отыр.

Біздің зерттеуіміз бойынша азаматтардың ІІО қызметке тұруы себебі белгілі бір мүддені көздейді.

Біздің көзқарасымыз бойынша мамандық таңдауда үш негізгі себепті бөлуге болады:

1. Кездейсоқ өмір ағымының жағдайларының нәтижесінде кәсіби қызметті ұстаумен байланысты емес; осыған ұқсас таңдау жиі туындаған мәселелерді шешу жағдайымен байланысты. Сондықтанда ішкі істер органдарындағы жұмысты уақытша оқыту ретінде қарастыру.

2. басқа адамдардың кеңесі бойынша қабылданған шешімдерге шешімді әрекет ететіндер. Бұған қызметке түсудің себептерін жатқызуға болады. Бұл таңдау себебі бойынша бірінші топқа сәйкес келеді.

3. Қалыптасқан бағдарларға сәйкес: қызық оқиғалы кітаптармен фильмдердің әсерімен қалыптасқан; отбасылық дәстүр, ішкі істер органдарының қызметтерінің жұмысымен алдын ала танысуға байланысты, офицер болуға, тәуекелге бел буу және т.б.

Қарағанды Б.Бейсенов атындағы Қазақстан Республикасының ПМ академиясының бізбен бірінші курс тыңдаушылары арасында және Қарағанды облысының ПД жол патрульдік қызмет полкінің қызметкерлерімен жүргізген зерттеу көрсеткендей 42% тыңдаушылардың және 22% полк қызметкерлерінің ішкі істер органдарына қызметке отбасылық дәстүрдің нәтижесінен түскендері, сонымен қатар 55% курсанттар және 30% полк қызметкерлерінің туысқандарының жанама және тіке қысымы арқылы тұрған. Ішкі істер органдарында қызмет етуге қызметке түскеннен кейін 39% курсант және 20% полк қызметкерлері ниет білдірген. Полиция қызметкерлерінің 7% қызметке мәжбүрлеу себептерімен түскендері анықталды.

Ішкі істер органдарына қызметке және білім беру орнына түсуінің негізгі себептері пайда күнем сипатқа ие. Соның ішінде, жақсы жалақы, (курсанттардың 58% және полк қызметкерлерінің 62%); тұрақты жұмысқа ие болу кепілдігі (сұрау жүргізгендер ішінен 24%); басқа жұмысқа тұру мүмкіндігі жоқтан (курсанттар 7%, полк қызметкерлерінен 21%) және т.б.

Көрсетілген себептер негізі ретінде курсанттардың 93% және патрульдік-бекеттік қызмет қызметкерлері 100% белгілеген. Сонымен қоса курсанттар мен полиция қызметкерлерінің мамандықты таңдауы мына сұрақпен тексерілді: «Егер сіз ПО жұмысқа тұрмағанда, қай жерде жұмыс істеуді қалар едіңіз?». Бұл сұраққа курсанттардың 24% және полк қызметкерлерінің 34% «Бәрі бірде ПО немесе соған жақын ұқсас қызметте» деп жауап берген.

Сұраудан көрінгендей полиция қызметкерлерінің 20% және түсушілердің 40 % үшін мамандыққа қалыптасқан мақсаттың бар болуы тән. Алайда, және бұл санаттағылардың арасынан тәуекел, қауіптілік, өткір сезімдерге ұмтылумен байланысты болжамды жағымсыз себептермен сауалнамаға жауап берушілер тобын бөліп алуға болады. Біз жүргізген сауалнама негізінде «Г.Шуберттің орыстандыру және бейімделген сұраулары» қолдана отырып өте жоғарғы және жоғары тәуекелділікке бейімділік курсанттардың 8% және жол патрульдік- қызмет полкінің қызметкерлерінің 7% көрсетті. Олардың пікірлері бойынша ішкі істер органдарында қызмет айтарлықтай дәрежеде бұл қажеттіліктерді іске асыруға жауап береді. Бұл адамдар жиі құқыққа қарсы әрекеттерді жасайды. Дұрысында оларға ұстамдылық және өзін өзі бақылау қасиеті аз.

Ішкі істер органдарынан жағымсыз себептер бойынша шығарылғандар және кадрлардың тұрақсыздығының негізін құраушы – бұл қызметкерлер, не мамандықты ойланбай таңдағандар, не өздерінің қажеттіліктерінің тәуекелде іске асыруға ұмтылатындар.

Қазақстанның ПМ мәліметтері бойынша ішкі істер органдарына жалпы 17 мыңнан астам азаматтардан өтініштер түскен. Жүргізілген қызметтік тексеріс нәтижелері бойынша тәртіптік жауапкершілікке 988 полицейлер тартылған, ішкі істер органдарынан 178 шығарылған және 129 қызметкер атқарып отырған лауазымынан босатылған.

«Сенім телефоны» бойынша азаматтардан 521 өтініш түскен, оның ішінде 60 факті өздерінің расталуын тапты. Олардың тексерісінің нәтижесі бойынша 13 қызметкер жұмыстан шығарылған, 132-сі тәртіптік жауапкершілікке тартылған.

Осыған ұқсас көрініс Қазақстан Республикасының ІІМ оқу орындарынан курсанттардың шығарылу себебін талдауда байқауға болады. Жекелегенде көп жылғы бақылау бойынша жыл сайын әр түрлі себептермен курсанттардың 10% шығарылады. Сонымен қатар олардың 75%-өз еріктері бойынша, 20% нақтысында әрбір бесіншісі – тәртіп бұзғаны, оқығысы келмеу, үлгермеушілігі үшін. Барлық шығарылған курсанттарға оқу орнына түсуде мамандық таңдау бойынша жетілмеген себеп, не таңдап алынған мамандыққа дағды мен білімдерді меңгеруге интеллектуалдық қабілетсіздік тән.

Көрсетілген көріністердің үлкен көлемі кәсіби негіздің бұзылуына әкеліп, жалпы қызмет тиімділігін төмендетуге, халықтың полиция қызметкерлеріне жағымсыз көзқарас туғызуына әкеледі.

Біздің көзқарасымызға жоғарыда көрсетілген мәселелерді шешуде шешуші ролді кадрларды кәсіби іріктеу қажет. Ол процедура ретінде түсінілуі керек, нәтижесің шешімі үміткердің кәсіби қызметке жарамдылығы болып табылады. Ішкі істер органдарына қызметке қабылданатын үміткерлерді таңдау және алдын ала оларды зерделеу қазіргі уақытта ішкі істер органдарының мүдделі құрылымдық бөліністерімен жүзеге асырылады.

Қабылдау бірнеше сатыда жүзеге асырылады.

Бірінші сатыда ішкі істер органдарының болашақ қызметкерін алдын ала зерделейді, үміткердің жеке басына, оның денсаулық жағдайы анықталады, ол қабылданатын лауазымдарға қойылатын білімінің және арнайы даярлығының талаптары сәйкес келуіне, отбасы жағдайы анықталады, үміткердің араласатын ортасы, мінез-құлқының негізгі белгісіне зерделеу жүргізіледі.

Алдын ала зерделеудің нәтижесі бойынша ішкі істер органдарының құрылымдық бөліністерінің бастығы анықтама жасайды. Үміткер анкета толтырып және толық өмірбаянын ұсынады.

Алдын ала зерделеу барысында қызметке қабылдауға кедергілер себептерінің жоқ болуы, «Құқық қорғау қызметі туралы» заңымен бекітілген. Бұларға жататын:

1. Жас ерекшелігі (18ден – 30-ға дейінгі жастағы азаматтар).
2. Білімі (қатардағы және кіші құрам лауазымына ортадан төмен емес білімі бар азаматтар қабылданады; орта және жоғарғы басшылық құрамына – орта арнайы немесе жоғарғы сәйкес білімі бар азаматтар) [13].

Ішкі істер органдарына қызметке сотпен әрекетке қабілетсіз деп танылған немесе іс-әрекетке қабілеттілігі шектелген, сотталуы бар және болғандар қабылданбайды. Сондай-ақ ішкі істер органдарының қызметкерлеріне жақын туыстық қатынаста тұрған және олардың қызметі бағыныштылығы мен бақылауында болуына байланысты болса.

Екінші қиын сатыда әлеуметтік іріктеу жүргізіледі.

Бұл сатыда үміткердің мекен-жайы бойынша тексеріс жүзеге асырылады. Көршілермен, туыстарымен әңгімелесуде үміткердің тұрмыстық жағдайы, мінез-құлқы, қызығушылығы мен әуестігі, таныстарының ортасы, қоршаған адамдармен қарым-қатынасы анықталады.

Кадрлық аппарат оның тексерісін ішкі істер органдарының ақпараттық орталығының есебі бойынша жүзеге асырады.

Үшінші ең маңызды сатысы медициналық тексеріспен жүзеге асырылады.

Медициналық тексерісті әскери-дәрігерлік комиссиямен іріктеу жүргізген кезде ішкі істер органдарының медициналық қызметінің психодиагностикалық бөліністерімен қызметке денсаулық жағдайы бойынша, интеллектуалдық, даралық және басқа қасиеттерінің жарамдылығы тексеріледі.

Төртінші қорытындылау сатысының алдында үміткерді терең зерделеу жүргізіледі.

Тағылымдамадан өтушіге табельдік оқ атыс қару-жарағын ұстап жүруге және сақтауға, жедел іс-шараларға қатысуға, оның өміріне қатер төну мүмкін жағдайларда не тағылымдамадан өтушінің кәсіби даяр еместігінің күшінде өзіндік әрекеттері заңдылықтың бұзылуына, құқығының шектелуіне, азаматтардың заңды мүдделері мен бостандықтарына әкелуі мүмкін.

Конкурстық іріктеу ішкі істер органдарының болашақ қызметкерін мұқият зерделеу арқылы жүргізіледі.

Бұл сатыда ішкі істер органдарының бастығы болашақ қызметкер туралы барлық мәліметтерді зерделеп, тағылымдамашының қызметіне талдауды жүзеге асырып және ішкі істер органдарына бос лауазымды орынға таңдау мен тағайындау туралы шешім қабылдайды. Осындай көп сатылы қызметкерлерді іріктеуге қарамастан тәжірибеде қызметкерлерді іріктеуде қателіктер жиі кездеседі.

Біздің көзқарасымыз бойынша іріктеу сапасы объективті және субъективті факторлармен анықталады. Объективті, дұрысында, әлеуметтік шарттылық сипатқа ие: атап айтқанда әлеуметтік ортаның әсер етуінен ішкі істер органдарының қызметкерінің мамандығы беделді болмайды. Бұл әлеуметтік зерттеулермен дәлелденген, нәтижесі куәландыратындай халықта полициямен қарым-қатынастың тәжірибесіне қарамастан тұрақталған жағымсыз стереотип қалыптасқан. Әлеуметтік көмек функцияларынан жазалайтын функциялардың қалыптасқан тарихи басымдылық себептерінің бірден бірі. Бізбен жүргізілген зерттеулердің нәтижесі бойынша курсанттардың 7% және патрульдік-бекеттік қызмет қызметкерлерінің тек 21% ПО бір міндеттерінің бірі адамдарға көмек болып табылады, ал курсанттардың 21% және патрульдік-бекеттік қызмет қызметкерлерінің 14% азаматтарды қорғау екендігін белгілеген. Осыдан ішкі істер органдарына қызметке кадрларды іріктеу ең алдымен жазалайтын функцияларды орындауға қабілетті адамдарға бағытталған. Сондықтан полицияда қызмет етуге құштарлық көрсеткендер негізінен басқыншылдығы жоғары азаматтар. Ішкі істер органдарының қызметінде жекелеген жағдайларда рабайсыздық

жазалайтын сипат басымырақ. Бос лауазымдарды толықтыруда конкурстың жоқтығынан сапалы қызметкерлерді іріктеуді жүзеге асыруда қиындықтар туындайды.

Ішкі істер органдарына қызметке әр бір жүгінген адам қабылданған, қызметте мінез-құлықтары бар бола тұра (сотталған, денсаулық жағдайы, тұрмыста құқыққа қарсы тәртібімен), бұл бір жағынан. Басқа жағынан психология ғылымының дамуының салыстырмалы төмен деңгейімен және әр түрлі мамандықтағы кәсіби қызметкерлердің жоқтығынан – үшіншіден, қазіргі уақытта ішкі істер органдарына қызметке үміткерлерді іріктеудің жоғарыда аталған кезеңдер жеткілікті түрде нысандық болып саналып, әдістеме деңгейіне дейін әзірленбеген.

Әр бір жүргізілген бесінші қарастырылған кезеңдердің іс-шаралар талдауы көрсеткендей іріктеу үшінші кезеңде әдіснамалы қатынастың негізділігімен жүзеге асырылады, атап айтқанда болашақ қызметкердің медициналық сипаттамалары бойынша ішкі істер органдарында қызметке сәйкес келмейтін жалпы болжамды сырқаттарын анықтағанда.

Қалған кезеңдер іс жүзінде қызметке үміткерді іріктеуді жүзеге асырушы басшының жеке басының қасиеттеріне негізделеді: оның өмірлік тәжірибесіне, қызметін жүзеге асырудағы себептері, интуициясына, субъективті көзқарасына, үміткермен алғашқы танысуда жүргізілген және басқа, сондай-ақ субъективті алғы шарттарында [14].

Мысалы, алдын ала үміткерді зерделеу үшін негізгі материал болып қызметтік мінездемелер, өмірбаяндық мәліметтермен және басқа құжаттар жатады. Олар әрине жасы, білімі, соттылығы, Қазақстан Республикасының ПО арнайы есептегілері бойынша ішкі істер органдарында қызмет туралы нормативтік актілердің талаптарына сәйкес келмейтін үміткерлердің жолын кесуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар белгілі мінез-құлықты адамдардың жолын кесуге көмектесетін ішкі істер органдарының нақты бір бөліністерінде қызмет өткеруге кедергі болатын арнайы әдістемелердің жоқтығы мен мамандық таңдауда немесе қызмет түрін таңдауда қателескендерді анықтауға мүмкіндік бермейді.

Екінші кезең, бірінші кезең сияқты үміткердің басымдылық тәртібімен және оның ортасымен байланысты беделін түсіретін мәліметтерді алуға бағытталған. Бұл кезең болашақ қызметкер туралы мәліметтерді эмпирикалық бағалауға негізделген.

Төртінші және бесінші кезең алдыңғы іріктеу әдісі бойынша және сондай-ақ біліктілігісіз негізделген, болашақ қызметкердің жеке басының субъективті бағасына.

Сонымен осы күнгі жүйе ішкі істер органының болашақ қызметкерінің жеке бастық қасиеттері туралы нақты негізделген мәліметтер бермейді. Ол оның әр түрлі жағдайларда мінез-құлқын болжауға, ішкі істер органдарына қызметкердің қызметке түсуінің негізгі себептерін анықтауға мүмкіндік бермейді.

Өкінішке орай қарастырып отырылған мәселе аз зерттелген болып қала береді. Бұл қатаң ғылыми негізде ішкі істер органдарының қызметкерлерінің сапасына іріктеу сапасының әсер етуін зерделеуді жүзеге асыруға мүмкіндік бермейді.

Келесі біздің көз қарасымыз бойынша маңызды кезең ішкі істер органдарының қызметкерлерінің кәсіби даярлығын ұйымдастыру болып табылады.

Бізге ішкі істер органдарындағы кадрларды даярлаудың қалыптасқан жүйесін мұқият қайта талдау қажеттілігі болып тұр. Ол өзіне бірқатар маңызды әлеуметтік шартты ұстанымдарды қосады, оларды жүзеге асырусыз ішкі істер органдарының қызметкерлерін даярлау мүмкін емес. Біріншіден, бұл халықтың кәсіби көзқарасы және ең алдымен оқушы жастардың. Екіншіден, ішкі істер органдарының қызметкерлерінің алғашқы даярлығы. Үшіншіден, арнайы орта білімнің болуы. Төртіншіден, ПО даярланған қызметкерлерімен жоғарғы білім алуы (жұмысының бағытымен байланысты мүмкіндігінше мамандық бойынша). Бесіншіден, ішкі істер органдарының қызметкерлерін міндетті арнайы, жауынгерлік және денешынықтыру даярлығы. Алтыншыдан, арнайы бағдарлама бойынша қайта оқыту мен біліктілігін арттыру (әр бір бес жылда бір-екі айдан) [15].

Алғашқыда бұндай жүйе ішкі істер органдарында кәсіби негізді қалыптастыруды қамтамасыз етуге мүмкіндік туғызады.

Осыған қарамастан құрылымдық рәсімделген кадрларды даярлау мен қайта даярлау жүйесі, мамандарды сапалы даярлау туралы айтқызбайтын бірқатар елеулі кемшіліктері бар. Жастардың кәсіби көзқарасын жүзеге асыратын бүгінгі таңда оннан асатын арнайы мамандандырылған заңгерлік сыныптар бар. Олардың қызметі мен ұйымдастырылуы қажетті құқықтық негізі жоқ, оқушылардың дене даярлығын жетілдіру мен заңгерлік сауат ашу аясының шеңберімен шектеледі. Осындай сыныптардың жұмыс нәтижесінің тиімділігі аз.

Ішкі істер органдарына кадрларды іріктеудің жетілдіру құралы болып кәсіптік бейімделу бола қойған жоқ. Бұл жерде жұмыстың мынандай түрлері қолданылмайды, бейне фильмдердің жарнама өндірісі, ішкі істер органдарының және ПМ оқу орталықтарының жұмысы туралы буклеттерін даярлау, құқық қорғау органдарымен және оқу орындарында ашық есік күндерін қоғамдық бірлестіктерді, бұқаралық ақпарат құралдарымен және мектеп оқушыларын шақыра отырып өткізу, оқу орталықтарында кәсіптікке бейімдеу функцияларын орындайтын даярлық бөлімшелерді құру.

Барлық жоғарыда баяндалғандар жалпы үміткерлердің санынан қызметкерлерді сайлап ауға мүмкіндік бермейді. Бұл өз кезегінде сапалы қызметкерлер құрамын тиісті қамтамасыз етпейді. Қазақстан Республикасының ПМ Қарағанды академиясының курсанттары мен Қарағанды облысының ПД жол патрульдік-бекеттік полк полиция қызметінің қызметкерлерімен жүргізген сұрау нәтижелері бойынша оқу мен қызметке түскен сәттен бастап полиция қызметі туралы нашар хабардар болғандар - курсанттар 18% және полк қызметкерлері - 43%.

Алғашқы даярлық кәсіби білім үшін базалық болып табылады, оның негізгі міндеті – қызметкерге құқық қорғау қызметін жүзеге асыру үшін қажетті білім беру мен дағдыны қалыптастыру.

Қазіргі заманғы алғашқы даярлық үш сатыда жүзеге асырылады.

1. Тағылымдама, қызметкердің лауазым жағдайымен танысу уақыты.
2. ПД оқу орталығында оқыту.
3. Қызмет өткеру орынында тәжірибе.

Алғашқы даярлықтың маңызды жүйесінің басты кемшілігі болып біздің көзқарасымыз бойынша кезеңдердің арасындағы едәуір айырмашылықтың болуы, оқу орталықтарының қызметімен тәжірибенің кері байланысының жоқтығы, статикалық оқу бағдарламаларының, олардың өзгерген әлеуметтік және криминологиялық жағдайлардың сәйкес келмеуі, сондай-ақ ҚР ішкі істер органдарының күнделікті қызметінің.

Көрсетілген кемшіліктер жұмысқа қайта қабылданған полиция қызметкерлердің кәсіби қызметінің ерекше жағдайларына бейімделу процесіне теріс әсер етеді.

Қазақстан Республикасының ПМ арнайы орта және жоғарғы оқу орындарының жүйесі құқық қорғау қызметінің қажеттілігі үшін жоғарғы білікті мамандарды қамтамасыз етуге бағытталған. Қазіргі оқу орындарының жүйесі жылына 1500 маманды арнайы орта және жоғарғы біліммен даярлап шығарады.

Сонымен қоса соңғы уақытта саны туралы емесе және осы оқу орындарында арнайы даярлық сапасы туралы да сұрақ өткір қойылып жүр.

Біздің көзқарасымыз бойынша мамандарды даярлау деңгейі айтарлықтай бірқатар аспектілерге тәуелді.

Біріншіден, бірлескен және жабық қалың бұқара топтары үшін Қазақстан Республикасының ПМ оқу орындарында жоғарғы оқу орындарында оқуға тілек білдіретіндерге қосымша ведомстволық тосқауылдар құрады. Ал бұл сол контингенттен басшылық лауазымға адамдар іріктеп алынады.

Екіншіден, Қазақстан Республикасының ПМ оқу орындарының жабық болуы профессорлық-оқытушылық кадрларды іріктеуде әсер етеді. Қазақстан Республикасының ПМ оқу орындарының оқытушыларына қойылатын негізгі талаптар болып ішкі істер органдарының қызметінде құқық қорғау негіздерін білу болып табылады. Оқу органдарының жабық болуы Қазақстан Республикасының ПМ жалпы азаматтық ғылыми мектептерден ғылымды ашады, сондай-ақ айтарлықтай мамандарды даярлауда көрінеді.

Үшіншіден, ішкі істер органдары үшін: ведомстволық – полицейлік немесе жалпы азаматтық («құқықтану») кадрларды даярлау жүйесінде оқудың қандай болу керек екендігінің мәселесі бойынша түпкілікті шешім қабылдау қажет.

Егер ведомстволық білім беруді қабылдасақ, оқу жоспарына айқын және оқушыларды іріктеу жүйесіне түзетулерде құқық қорғау органдарының қажеттіліктері үшін қажетті білікті мамандарды шығаруға мүмкіндік береді. Егер де құқықтанудың жалпы білім беретін үлгісінің негізін алатын болсақ,

онда мамандарды іріктеу мен даярлау жүйесі жалпы білім беретін үлгілерге сәйкес жүргізілуі керек.

Сонымен осы күнгі мамандарды даярлаудың жүйесі орта және жоғарғы арнайы білімі бүгінгі күннің талаптарымен сәйкес келмейді және анық түзетулерді қажет етеді.

